

Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 107-3991 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 3-тармағының 7-1) тармақшасына, 62-бабының 6-тармағына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің

2024 жылғы " _ " _____

№ _____ қаулысына

қосымша

Астана қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында 2025 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Б і р тәрбиеленушіге бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) (5, 6, 7 - бағандарда көрсетілген)
--	--	--	---

Р/с №	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйым	Жеке меншік мектепке дейінгі ұйым	Шағын орталық		Санаториялық мектепке дейінгі ұйымдар	1 . Жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдар ағы түзету және инклюзивті топтар. 2 . Түзету (арнайы) мектепке дейінгі ұйымдар	Мектепке дейінгі ұйымдар ағы жалпы білім беретін топтар және толық күн болатын шағын орталықтар	Жарты күн болатын шағын орталық	Санаториялық мектепке дейінгі ұйымдар	1 . Жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдар ағы арнайы және инклюзивті топтар. 2 . Арнайы мектепке дейінгі ұйымдар	тәрбиеленушілерді қоспағанда)	
			толық күн болатын	жарты күн болатын							3 жасқа дейін	3 пен 6 жас аралығында
1.	25 025	48 556	912	3 595	340	2086	56 327	24 884	83 983	1 00 831	19 700	20 800